

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық
бақылау комитеті»
РММ төрағасының
2023 ж. «10» шілде
№ N065020 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ АТАУЫ

Кискали, 200 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1 Жалпы сипаттамасы

Рибоциклиб

2.2 Сапалық және сандық құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат - рибоциклиб сукцинаты, 254,40 мг (рибоциклибке баламалы, 200 мг).

қосымша заттар: соя лецитині (Е 322) 0,344 мг.

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1-тармақтан қараңыз.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Дөңгелек пішінді, беткейі ойыс, ойығы бар, бір жағында "RIC" және басқа жағында "NVR" бедерлемесі бар ашық сұр-күлгін түсті үлбірлі қабықпен қапталған, диаметрі шамамен 11.1 мм таблеткалар.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1 Қолданылуы

- гормондық рецепторлар бойынша оң (HR+) және адамның эпидермалық өсу факторы рецепторы бойынша теріс 2-типті (HER2-) ароматаза тежегішімен немесе фулвестрантпен біріктірілімде бастапқы эндокриндік ем немесе бұрын эндокриндік ем алған, кең таралған немесе метастаздық сүт безінің обырына шалдыққан әйелдерді емдеу үшін.

- пре- немесе перименопаузадағы әйелдерді эндокриндік ем ретінде лютеиндеуші гормонның рилизинг-факторы (LHRH) агонистімен біріктіріп емдеу үшін.

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Кискали препараты қолданылатын емдеуді ісікке қарсы препараттармен жұмыс істеуде тәжірибесі бар дәрігердің бақылауымен ғана жүргізу керек.

Дозалау режимі

Ішке қабылдауға арналған Кискали препаратының ұсынылатын дозасы тәулігіне бір рет 21 күн бойы ретімен рибоциклиб 600 мг (200 мг, үлбірлі қабықпен қапталған үш таблетка) құрайды, кейіннен препаратты 7 күн бойы қабылдауда үзіліс жасау арқылы нәтижесінде толық цикл 28 күнді құрайды. Препаратпен емдеу клиникалық әсері сақталғанға дейін немесе қолайсыз уыттылық дамығанға дейін жалғасады.

Кискалиді 2,5 мг дозада летрозолмен немесе ароматазаның басқа тежегішімен немесе

500 мг дозада фулвестрантпен бір мезгілде қабылдау керек.

Кискали ароматаза тежегішімен бірге қабылданған кезде, ароматаза тежегішін 28 күндік цикл ішінде күніне бір рет қабылдау керек. Қосымша ақпаратты ароматаза тежегішінің қысқаша сипаттамасынан қараңыз.

Кискалиді фулвестрантпен бірге қабылдаған кезде, фулвестрантты бұлшықет ішіне 1, 15 және 29 күндері және одан кейін айына бір рет енгізеді. Қосымша ақпаратты фулвестрантқа препараттың қысқаша сипаттамасынан (ПҚС) қараңыз.

Кискали препаратының мақұлданған біріктірілімдерімен пременопауза және перименопауза кезеңінде әйелдерді емдеуге жергілікті клиникалық практикаға сәйкес лютеиндеуші релизинг-гормон агонистерін де қосу керек.

Кискалиді тамақтану кезінде немесе одан тыс уақытта қабылдауға болады (4.5-бөлімді қараңыз). Пациенттер тағайындалған дозаларды күн сайын шамамен бір уақытта, жақсырақ таңертең қабылдауы тиіс. Препаратты қабылдағаннан кейін құсу немесе қабылдауды өткізіп алған жағдайда осы күні препараттың қосымша дозасын қабылдауға болмайды. Келесі тағайындалған дозаны әдеттегі уақытта қабылдау керек.

Дозаны түзету

Ауыр немесе төзімсіз жағымсыз дәрілік реакцияларды (ЖДР) түзету үшін уақытша тоқтату, дозаны азайту немесе Кискали препаратын толық тоқтату қажет болуы мүмкін. Жағымсыз дәрілік реакциялар (ЖДР) кезінде ұсынылатын дозаны азайтуға (қажет болған жағдайда) арналған нұсқаулар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Ұсынылатын дозаны өзгерту бойынша нұсқаулар

	Кискали	
	Доза	200 мг таблеткалар саны
Бастапқы доза	Тәулігіне 600 мг	3
Дозаны біріншілік азайту	Тәулігіне 400 мг	2
Дозаны екіншілік азайту	Тәулігіне 200 мг *	1

* Егер дозаны тәулігіне 200 мг-ден төмен одан әрі азайту талап етілсе, препаратты тоқтату керек.

2, 3, 4 және 5-кестелерде жекелеген ЖДР түзету үшін Кискали препаратын қабылдауды уақытша тоқтату, дозасын азайту немесе толық тоқтату бойынша ұсынымдар берілген. Клиникалық жағдайға сәйкес шешім қабылдай отырып, емдеуші дәрігер әрбір жеке жағдайда пайда/қауіп арақатынасын бағалауды ескере отырып, әрбір пациентті жүргізу жоспарын басшылыққа алуы тиіс (4.4-бөлімді қараңыз).

Кискали препаратымен емдеуді бастар алдында қанның жалпы талдауын (ҚЖТ) жүргізу қажет. Кискали препаратымен емдеу басталғаннан кейін алғашқы 2 цикл бойы әрбір 2 апта сайын, келесі 4 циклдың әрқайсысының басында, содан кейін клиникалық көрсеткіштер бойынша бақылау керек.

2-кесте. Дозаны өзгерту және нейтропения кезінде қолдану

	1 дәреже немесе 2 дәреже * (НАС 1000/мм ³ - ≤ҚТШ (қалыптың төменгі шегі))	3 дәреже * (НАС 500 — <1000/мм ³)	3* дәреже, фебрильді нейтропения **	4 дәреже * (НАС <500/мм ³)
--	---	--	-------------------------------------	---

Нейтропения	Мұндай жағдайларда дозаны түзету қажет емес.	≤2-ші дәрежеге дейін қалпына келтірілгенге дейін уақытша тоқтату. Кискалиді сол дозада қабылдауды қайта бастау. Егер уыттылық қайтадан 3-ші дәрежеге дейін күшейсе, Кискали қабылдауды ≤2-ші дәрежеге дейін қалпына келтіруге дейін тоқтату, содан кейін қабылдауды 1-ші деңгейге азайтылған дозада қайта бастау.	≤2-ші дәрежеге дейін қалпына келтірілгенге дейін уақытша тоқтату. Кискалиді келесі деңгейге дейін азайтылған дозада қабылдауды қайта бастау.	≤2-ші дәрежеге дейін қалпына келтірілгенге дейін уақытша тоқтату. Кискалиді келесі деңгейге дейін азайтылған дозада қабылдауды қайта бастау.
<p>* STCAE 4.03 STCAE нұсқасына сәйкес уыттылық дәрежесінің градациясы (жағымсыз құбылыстарға арналған критерийлердің жалпы терминологиясы).</p> <p>** > 38,3 °C қызбаның жалғыз эпизодымен 3 дәрежелі нейтропения (немесе бір сағаттан артық және/немесе инфекциямен бір уақытта 38 °C-ден артық)</p> <p>НАС= нейтрофилдердің абсолютті саны; ҚТШ= қалыптың төменгі шегі.</p>				

Кискали препаратымен емдеуді бастар алдында бауырдың функционалдық тестілерін (БФТ) жүргізу қажет. Кискали препаратымен емдеу басталғаннан кейін алғашқы 2 цикл ішінде әрбір 2 апта сайын, келесі 4 циклдың әрқайсысының басында, содан кейін клиникалық көрсеткіштер бойынша БФТ нәтижелерін бақылау керек. ≥2 ауырлық дәрежесіндегі патологиялық құбылыстар болған кезде анағұрлым жиі бақылау ұсынылады.

3-кесте. Дозаны өзгерту және гепатобилиарлық уыттылық кезінде қолдану

	1 дәреже * (>ҚЖШ— 3 × ҚЖШ)	2 дәреже * (>3 дейін 5 x ҚЖШ)	3 дәреже * (>5-тен 20 x ҚЖШ-ға дейін)	4 дәреже * (>20 × ҚЖШ)
Жалпы билирубиннің жоғарылауынсыз бастапқы деңгеймен * * салыстырғанда АСТ	Дозаны түзету қажет емес.	Бастапқы — <2-ші дәрежелі. ≤ Бастапқы дәрежеге дейін қалпына келгенше уақытша тоқтату, содан кейін сол дозада Кискали қабылдауды	Кискалиді ≤ бастапқы дәрежеге дейін қалпына келгенше уақытша тоқтату, содан кейін келесі деңгейге дейін азайтылған	Кискали препаратын қабылдауды тоқтатыңыз.

және/немесе АЛТ жоғарылауы 2 × ҚЖШ		қайта бастау. 2-ші дәрежедегі уыттылық дамыған жағдайда келесі деңгейге дейін азайтылған дозада Кискали қабылдауды қайта бастау керек. Бастапқы = 2-ші дәреже. Препаратты қабылдауды тоқтатуға болмайды.	дозада қабылдауды қайта бастау. 3-ші дәрежелі уыттылықтың қайта дамуы кезінде Кискалиді қабылдауды тоқтату керек.	
Холестаз болмаған кезде жалпы билирубин концентрациясының ұлғаюымен бірге АСТ және/немесе АЛТ біріктірілген жоғарылауы	Егер АЛТ және/немесе АСТ белсенділігі >3 x ҚЖШ деңгейіне дейін көтерілсе, жалпы билирубин концентрациясының >2 x ҚЖШ ұлғаюымен қатар, препаратты бастапқы дәрежесіне қарамастан тоқтату керек.			
<p>* STCAE 4.03 STCAE нұсқасына сәйкес уыттылық дәрежесінің градациясы (жағымсыз құбылыстарға арналған критерийлердің жалпы терминологиясы).</p> <p>** Бастапқы деңгей = емдеу басталғанға дейін.</p> <p>ҚЖШ= қалыптың жоғарғы шегі.</p>				

Кискали препаратымен емдеуді бастамас бұрын ЭКГ жасау керек. Емдеу басталғаннан кейін қайталама ЭКГ бірінші циклдің шамамен 14-ші күні және екінші циклдің басында, бұдан әрі — клиникалық көрсеткіштер бойынша жүргізу керек. Емдеу кезінде QTcF аралығын ұзарту жағдайында ЭКГ-ны жиі бақылау ұсынылады.

4-кесте. Дозаны өзгерту және QT аралығы ұзарған кезінде қолдану

ЭКГ-да QTcF >480 мс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кискали препаратын уақытша тоқтату. 2. Егер QTcF аралығының ұзаруы <481 мс дейін төмендесе, емдеуді келесі деңгейге дейін азайтылған дозада жаңарту керек. 3. Егер QTcF аралығы қайтадан >481 мс дейін ұлғайса, QTcF <481 мс дейін азайғанға дейін препаратты қабылдауды уақытша тоқтату керек; содан кейін келесі деңгейге дейін азайтылған дозада Кискалиді қабылдауды қайта бастау керек.
ЭКГ-да QTcF >500 мс	Егер QTcF аралығы 500 мс-тан асса, QTcF <481 мс аралығы азайғанға дейін Кискали қабылдауды уақытша тоқтатыңыз, содан кейін келесі деңгейге дейін азайтылған дозада Кискали қабылдауды қайта бастаңыз.

	Егер QTcF аралығының ұзақтығы 500 мсек-тен асса немесе "пируэт" типті аритмиямен немесе полиморфты қарыншалық тахикардиямен және/немесе ауыр аритмия симптомдарымен үйлескен бастапқы шамамен салыстырғанда 60 мсек-тен артық ұзарту байқалса, Кискалиді толығымен тоқтату керек.
--	---

5-кесте. Дозаның өзгеруі және өкпенің интерстициальді аурулары/пневмонит кезінде қолдану

Өкпенің интерстициальді аурулары / пневмонит	1-дәреже* (симптомсыз)	2-дәреже* (симптомды)	3 немесе 4 дәреже * (ауыр)
	Дозаны түзету қажет емес. Тиісті дәрі-дәрмекпен емдеуді бастаңыз және клиникалық көрсетілімдерге сәйкес мониторинг жүргізіңіз.	Препаратты қабылдауды ≤ 1 -ші дәрежеге дейін қалпына келтіргенше уақытша тоқтату, содан кейін келесі деңгейге дейін азайтылған дозада Кискали қабылдауды қайта бастау.**	Кискали препаратын қабылдауды тоқтатыңыз.
* STCAE 4.03 нұсқасына сәйкес уыттылық дәрежесінің градациясы (STCAE = жағымсыз құбылыстарға арналған критерийлердің жалпы терминологиясы). ** Кискалиді жаңарту туралы мәселені қарау кезінде пайда мен қауіпке жеке баға берген жөн.			

6-кесте. Дозаны өзгерту және уыттылықтың басқа көріністері кезінде қолдану*

Препараттың уыттылығының басқа көріністері	1 дәреже немесе 2 дәреже * *	3 дәреже * *	4 дәреже * *
	Дозаны түзету қажет емес. Тиісті дәрі-дәрмекпен емдеуді бастаңыз және клиникалық көрсетілімдерге сәйкес мониторинг жүргізіңіз.	Препаратты қабылдауды ≤ 1 -ші дәрежеге дейін қалпына келтіргенше уақытша тоқтату, содан кейін сол дозада Кискали қабылдауды қайта бастау. Егер 3-ші дәрежедегі уыттылық қайта дамиды болса, келесі деңгейге дейін азайтылған дозада Кискалиді қабылдауды жалғастырыңыз.	Кискали препаратын қабылдауды тоқтатыңыз.
* Гематологиялық уыттылықты, гепатобилиарлық уыттылықты және QT аралығының ұзаруы және өкпенің интерстициальді ауруларын/пневмонитті қоспағанда. ** STCAE 4.03 нұсқасына сәйкес уыттылық дәрежесінің градациясы (STCAE = жағымсыз құбылыстарға арналған критерийлердің жалпы терминологиясы).			

Препараттың уыттылығы байқалған жағдайда ароматаза тежегішін, фулвестрантты немесе LHRH агонистін бір мезгілде қабылдау кезінде дозаны түзетуге қатысты ұсынымдарды және ПҚС-дағы қауіпсіздік бойынша басқа да тиісті ақпаратты қараңыз.

СҮРЗА4 күшті тежегіштерімен Кискалиді қолданған кезде дозаны өзгерту

СҮРЗА4 күшті тежегіштерімен Кискалиді бір мезгілде пайдаланудан аулақ болу керек. СҮРЗА4-ке ең аз тежейтін әсері бар баламалы қатар емдеуді қолдану мүмкіндігін қарастыру керек. СҮРЗА4 күшті тежегішін бір мезгілде қолдану қажет болған кезде Кискали дозасын тәулігіне бір рет 400 мг-ға дейін азайту керек (4.5-бөлімді қараңыз).

Рибоциклиб дозасын тәулігіне бір рет 400 мг-ға дейін азайтқан және СҮРЗА4 күшті тежегіштерімен Кискалиді бір мезгілде пайдалануды болдырмау мүмкін емес пациенттерде доза тағы 200 мг-ға азаяды.

Рибоциклиб дозасын тәулігіне бір рет 200 мг-ға дейін азайтқан және СҮРЗА4 күшті тежегіштерімен Кискалиді бір мезгілде пайдалануды болдырмау мүмкін емес пациенттерде Кискали препаратымен емдеуді тоқтату керек.

Жекеаралық ауытқушылыққа байланысты дозаны ұсынылатын түзету барлық пациенттер үшін оңтайлы бола алмайды, сондықтан уыттылық белгілерін мұқият бақылау ұсынылады. Күшті тежегішті тоқтатқан кезде Кискалидің дозасын (СҮРЗА4 күшті тежегішінің жартылай шығарылуының 5 кезеңінен кем емес аралықтан кейін) СҮРЗА4 күшті тежегішін қолдануды бастар алдында пайдаланылған дозаға дейін өзгерту керек (4.4, 4.5 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету талап етілмейді. Бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттер үшін ұсынылатын бастапқы доза 200 мг құрайды. Кискали препаратын сүт безінің обыры және бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерде қолдану зерттелмеген (4.4, 5.1 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Бауыр функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер

Дені сау еріктілердің және қатерлі аурумен ауырмайтын, бауыр функциясының бұзылуы бар зерттелушінің қатысуымен фармакокинетикалық зерттеу негізінде бауыр функциясының жеңіл бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету талап етілмейді (Чайлд-Пью шкаласы бойынша А класы). Орташа (Чайлд-Пью шкаласы бойынша В класы) және ауыр функциясының ауыр бұзылуы (Чайлд-Пью шкаласы бойынша С класы) бар пациенттерде рибоциклибтің жоғары деңгейі (2 еседен аз) байқалуы мүмкін, тәулігіне бір рет 400 мг Кискали препаратының бастапқы дозасы ұсынылады. Кискали бауыр функциясының орташа және ауыр бұзылуы бар сүт безінің обыры бар пациенттерде зерттелмеген (5.2-бөлімді қараңыз).

Бала пациенттер

Балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде Кискалидің қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталған жоқ. Деректер жоқ.

Егде жастағы пациенттер

65 жастан асқан пациенттерде дозаны түзету талап етілмейді (5.2-бөлімді қараңыз).

Қолдану тәсілі

Кискалиді күніне бір рет, күн сайын тамақ ішкенде немесе онсыз қабылдау керек. Кискали препаратының таблеткаларын тұтастай жұтқан жөн, оларды шайнауға, сындыруға немесе жұтар алдында ұсақтауға болмайды. Сынған, жарықтары немесе басқа зақымдары бар таблеткаларды ішке қабылдауға болмайды.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді затына немесе 6.1-бөлімде атап көрсетілген қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- арахиске немесе сояға аса жоғары сезімталдық

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Ішкі ағзалардың күрделі ауруы

Ішкі ағзалардың күрделі аурулары бар пациенттерде рибоциклибті қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі зерттелмеген.

Нейтропения

Нейтропенияның ауырлық дәрежесін ескере отырып, 2-кестеде сипатталғандай, Кискали препаратын қабылдауды уақытша тоқтату, дозаны азайту немесе препаратты толық тоқтату талап етілуі мүмкін (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

Гепатобилиарлы уыттылық

Кискали препаратымен емдеуді бастар алдында бауырдың функционалдық тестілерін (БФТ) жүргізу қажет. Емдеу басталғаннан кейін БФТ нәтижелерін бақылау жүргізіледі (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

Трансаминазалардың жоғарылауын ескере отырып, 3-кестеде сипатталғандай, Кискали препаратын қабылдауды уақытша тоқтату, дозаны азайту немесе препаратты толық тоқтату қажет болуы мүмкін (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз). АСТ/АЛТ > 3-ші дәрежелі бастапқы көтерілуі бар пациенттерге арналған ұсынымдар белгіленбеген.

QT аралығының ұзаруы

E2301 (MONALEESA-7) зерттеуінде QTcF >60 мс аралығының бастапқы деңгейден ұлғаюы Кискали плюс тамоксифен қабылдаған 14/87 (16,1 %) пациенттерде және Кискали плюс стероидты емес ароматаза тежегішін (NSAI) қабылдаған 18/245 (7,3%) пациенттерде байқалды. Кискали препаратын тамоксифенмен біріктіріп қолдану ұсынылмайды (4.8 және 5.1-бөлімдерді қараңыз).

Емдеуді бастамас бұрын ЭКГ жасау керек. Кискали препаратымен емдеуді QTcF мәні 450 мсек кем пациенттерде ғана бастаған жөн. Қайталама ЭКГ-зерттеуді бірінші циклдің шамамен 14-ші күні және екінші циклдің басында, содан кейін клиникалық көрсетілімдерге сәйкес жүргізу талап етіледі (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

Ем басталғанға дейін, алғашқы 6 циклдың басында және содан кейін клиникалық көрсетілімдерге сәйкес сарысудағы электролиттер (калий, кальций, фосфаттар мен магнийді қоса алғанда) құрамына тиісті мониторинг жүргізген жөн. Кискали препаратымен емдеуді бастағанға дейін, сондай-ақ емдеу кезінде кез келген ауытқуларды түзету қажет.

Кискали препаратын QTc аралығының ұзаруы бар немесе елеулі қаупі бар пациенттерде қолданудан аулақ болу керек. Бұған мынадай пациенттер:

- QT аралығы ұзартылған синдромы;
- бақыланбайтын немесе клиникалық маңызды жүрек ауруы, оның ішінде миокард инфарктісі, іркілісті жүрек жеткіліксіздігі, тұрақты емес стенокардия және брадиаритмия;
- электролиттер құрамының өзгеруі.

Кискали препаратын QTc аралығын ұзартуға қабілетті және/немесе CYP3A4 күшті тежегіштері болып табылатын дәрілік заттармен қолданудан аулақ болу керек, өйткені бұл QTcF аралығының клиникалық мәнді ұзартылуына әкелуі мүмкін (4.2, 4.5 және 5.1-бөлімдерді қараңыз). Егер CYP3A4 күшті тежегіштерін қабылдауды тоқтату мүмкін болмаса, дозаны тәулігіне бір рет 400 мг дейін азайту қажет (4.2 және 4.5-бөлімдерді қараңыз).

Егер QT аралығының ұзартылуы байқалса, 4-кестеде сипатталғандай, қабылдауды уақытша тоқтату, дозаны азайту немесе Кискали препаратын толық тоқтату қажет болуы мүмкін (4.2, 4.8 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Терінің ауыр реакциялары

Уытты эпидермалық некролиз (УЭН) Кискали препаратымен емдеу кезінде тіркелді. Егер терінің ауыр реакцияларын көрсететін белгілер мен симптомдар пайда болса (мысалы, үдемелі тері бөртпесі, көбінесе күлдіреуіктер немесе шырышты қабықтың зақымдануы),

Кискали препаратын дереу тоқтату керек.

Өкпенің интерстициальді ауруы/пневмониттер

Кискали препаратын қолданғанда өкпенің интерстициальді аурулары / пневмонит жағдайлары туралы хабарланды. Пациенттерді гипоксияны, жөтелді және енгіуді қамтуы мүмкін өкпенің интерстициальді ауруларын / пневмонитті көрсететін өкпе симптомдары тұрғысынан бақылау керек, ал дозаны өзгертуді 5-кестеге сәйкес жүргізген жөн (4.2 бөлімін қараңыз).

Өкпенің интерстициальді ауруының / пневмониттің ауырлық дәрежесіне байланысты өлімге әкелуі мүмкін, Кискали 5-кестеде сипатталғандай дозаны уақытша тоқтатуды, азайтуды немесе тоқтатуды қажет етуі мүмкін (4.2 бөлімін қараңыз).

Қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауы

Рибоциклиб қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауына әкелуі мүмкін: бұл органикалық катиондар тасымалдаушысының 2 (ОСТ2) бүйрек тасымалдаушыларының тежегіштері және дәрілік препараттар мен токсиндердің экструзиялық ақуызы (МАТЕ1). Бұл заттар проксимальді өзекшелерден креатининнің белсенді секрециясына қатысады (4.5 бөлімін қараңыз). Емдеу кезінде қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауы жағдайында бүйрек функциясының бұзылуын болдырмау үшін бүйрек функциясына қосымша бағалау жүргізу ұсынылады.

СҮРЗА4 субстраттары

Рибоциклиб препаратты 600 мг дозада қабылдағанда СҮРЗА4 күшті тежегіші және 400 мг қабылдағанда СҮРЗА4 орташа тежегіші болып табылады. Осылайша, рибоциклиб СҮРЗА4 көмегімен метаболизденетін дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі мүмкін, бұл сарысудағы СҮРЗА4 субстраттарының жоғары деңгейіне әкелуі мүмкін (4.5-бөлімді қараңыз). Препаратты емдік индексі тар СҮРЗ А4 сезімтал субстраттарымен бір мезгілде сақтықпен қолдану ұсынылады. Препаратты СҮРЗ А4 тежегіштерімен бір мезгілде қолдану жөніндегі ұсынымдар, басқа препаратқа ПҚС-да қараңыз.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде ұсынылатын 200 мг бастапқы дозасын қолданған кезде экспозиция бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде стандартты бастапқы дозаны қолданған кезде қол жеткізілетін экспозициядан шамамен 45% - ға төмен болады. Осы бастапқы дозада қолданғанда препараттың тиімділігі зерттелмеген. Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерде препаратты сақтықпен қолдану керек; бұдан басқа, уыттылық белгілерін мұқият қадағалау қажет (4.2 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Бала туу әлеуеті сақталған әйелдер

Бала туу әлеуеті сақталған әйелдерге Кискали препаратын қабылдау кезінде және соңғы дозаны қабылдағаннан кейін кемінде 21 күн контрацепцияның тиімді әдістерін пайдалану ұсынылады (4.6-бөлімді қараңыз).

Соя лецитині

Кискали құрамында соя лецитині бар. Арахиске немесе сояға сезімталдығы жоғары пациенттер Кискали препаратын қабылдамауы тиіс (4.3-бөлімді қараңыз).

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Плазмадағы рибоциклиб концентрациясын арттыруы мүмкін дәрілік препараттар

Рибоциклиб метаболизмін қамтамасыз ететін негізгі фермент СҮРЗА4 болып табылады. Осылайша, СҮРЗА4 ферментінің белсенділігіне әсер етуі мүмкін дәрілік препараттар рибоциклиб фармакокинетикасын өзгерте алады. Рибоциклибпен (тәулігіне 400 мг) күшті СҮРЗА4 ритонавирдің (14 күн ішінде тәулігіне 100 мг) индукторын бір мезгілде қолдану

монотерапияда рибоциклибті (400 мг) қолданумен салыстырғанда AUC_{inf} және C_{max} рибоциклибінің 3,2 және тиісінше 1,7 есе ұлғаюына әкеледі. C_{max} және AUC_{last} LEQ803 (бастапқы зат экспозициясының 10% - дан азын құрайтын рибоциклибтің негізгі метаболиті) 96% және тиісінше 98% - ға азаяды.

СҮРЗА4 күшті тежегіштерін бір мезгілде пайдаланудан аулақ болу керек, оның ішінде (бірақ онымен шектелмей): кларитромицин, индинавир, итраконазол, кетоконазол, лопинавир, ритонавир, нефазодон, нелфинавир, позаконазол, саквинавир, теллапревир, телитромицин, верапамил және вориконазол. СҮРЗА4 тежеуге қабілеті төмен баламалы дәрілік заттарды бір мезгілде қолдану мүмкіндігін қарастыру және пациенттерде рибоциклиб қабылдаумен байланысты ЖДР дамуын бақылау қажет.

Егер күшті СҮРЗА4 тежегіші бар Кискали препаратын бір мезгілде қабылдауды болдырмау мүмкін болмаса, онда Кискали препаратының дозасын азайту керек. Жекеаралық ауытқушылыққа байланысты дозаны ұсынылатын түзету барлық пациенттер үшін оңтайлы бола алмайды, сондықтан рибоциклиб қабылдаумен байланысты ЖДР мұқият бақылау ұсынылады. Кискали препаратының уыттылығымен байланысты көріністерде дозаны өзгерту керек немесе уыттылығы басылғанға дейін емдеуді уақытша тоқтату керек.

Рибоциклибті 600 мг дозада қабылдаған кезде орташа СҮРЗА4 тежегіші (эритромицин) C_{max} және AUC рибоциклибті 1,2 және тиісінше 1,3 есе ұлғайтуы мүмкін. Рибоциклиб дозасын тәулігіне бір рет 400 мг-ға дейін төмендеткен кезде тепе-тең жағдайда C_{max} және AUC рибоциклибінің 1,4 және тиісінше 2,1 есе ұлғаюы байқалады. Тәулігіне бір рет 200 мг препаратты қабылдаған кезде ұлғаю тиісінше 1,7 және 2,8 есе құрайды. СҮРЗА4 жеңіл немесе орташа тежегіштерімен емдеудің басында рибоциклиб дозасын түзету талап етілмейді. Бұл ретте рибоциклиб қабылдаумен байланысты ЖДР дамуын бақылау ұсынылады.

Пациенттерге грейпфрут немесе грейпфрут шырынын және барлық өнімдерді тұтынудан аулақ болу қажеттілігі туралы ескерту керек. Бұл өнімдер СҮРЗА4 изоферменттерінің тежегіштері болып табылады және рибоциклиб әсерін арттыруы мүмкін.

Плазмадағы рибоциклиб концентрациясын азайтуы мүмкін дәрілік препараттар

Рибоциклибпен (күніне 600 мг) күшті СҮРЗА4 рифампицин индукторын (14 күн ішінде күніне 600 мг) бір мезгілде қолдану монотерапияда рибоциклибті (600 мг) қолданумен салыстырғанда AUC_{inf} және C_{max} рибоциклибінің 89% және тиісінше 81% - ға төмендеуіне әкеледі. C_{max} LEQ803 1,7 есе артады, ал AUC_{inf} сәйкесінше 27%-ға төмендейді. Препаратты СҮРЗА4 күшті индукторларымен бір мезгілде қолдану экспозицияның төмендеуіне және соның салдарынан тиімділіктің жеткіліксіз болу қаупіне алып келуі мүмкін. Фенитоинді, рифампицинді, карбамазепинді және шайқурайды (*Hypericum perforatum*) қоса алғанда, күшті СҮРЗА4 индукторларын бір мезгілде қабылдаудан, бірақ онымен шектелмей, аулақ болу керек. СҮРЗА4-ке ең аз тежейтін әсері бар немесе осындай әсері жоқ баламалы қатар емдеуді қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.

Орташа СҮРЗА4 тежегіштерінің рибоциклиб экспозициясына әсері зерттелмеген. Орташа СҮРЗА4 тежегішін (эфавиренц) тағайындау C_{max} тепе-теңдік жағдайында және рибоциклибтің AUC 51% және тиісінше 70% - ға төмендеуіне әкелуі мүмкін. Препаратты орташа СҮРЗА4 индукторларымен бір мезгілде қолдану экспозицияның төмендеуіне және соның салдарынан, әсіресе тәулігіне бір рет 400 мг немесе 200 мг дозада рибоциклиб қабылдаған пациенттерде жеткіліксіз тиімділік қаупіне алып келуі мүмкін.

Плазмадағы концентрациясы Кискалидің әсерінен өзгеруі мүмкін дәрілік препараттар

Сонымен, СҮРЗА4 орташа немесе күшті тежегіші рибоциклиб СҮРЗА4 көмегімен метаболизденетін дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі мүмкін, бұл бір мезгілде қабылданатын дәрілік препараттың қан сарысуындағы жоғары деңгейіне әкелуі мүмкін. Дені сау еріктілерде мидазоламды (СҮРЗА4 субстраты) Кискали^Т препаратының көп реттік дозасымен (400 мг) бір мезгілде қолданғанда, мидазоламның экспозициясы бір ғана мидазоламды қабылдаумен салыстырғанда 280% - ға (3,80 есе) артады. Кискали препаратын клиникалық маңызды 600 мг дозада тағайындау мидазоламның AUC -ін 5,2

есе арттырады. Сонымен, рибоциклибті басқа дәрілік препараттармен бір мезгілде енгізген кезде оны басқа дәрілік препаратқа медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта ұсынылған СҮР3А4 тежегіштерімен бір мезгілде енгізу жөніндегі ұсынымдарды зерттеу керек. Кискали препаратын және емдік индексі тар СҮР3А4 субстраттарын қолданғанда сақ болу ұсынылады. Алфентанилді, циклоспоринді, эверолимусты, фентанилді, сиролимусты және такролимусты қоса алғанда, емдік индексі тар СҮР3А4 сезімтал субстратының дозасын азайту қажет болуы мүмкін, өйткені рибоциклиб олардың экспозициясын ұлғайту қабілетіне ие, бірақ олармен шектелмейді.

Рибоциклибті 600 мг дозада СҮР3А4 мынадай субстраттарымен бір мезгілде қолданудан аулақ болу керек: алфузозин, амиодарон, цизаприд, пимозид, хинидин, эрготамин, дигидроэрготамин, кветиапин, ловастатин, симвастатин, силденафил, мидазолам және триазолам.

Кофеинді (СҮР1А2 субстраты) Кискали препаратының көп реттік дозаларымен (400 мг) бір мезгілде қолданған кезде, дені сау еріктілерде тек бір кофеинді қабылдаумен салыстырғанда кофеин мөлшері 20% - ға (1,20 есе) артты. 600 мг клиникалық маңызды дозада РВРК модельдерін қолдану арқылы модельдеу рибоциклибтің СҮР1А2 субстраттарына әлсіз тежегіштік әсерін болжауға мүмкіндік берді (AUC-тің 2 еседен аз өсуі).

Тасымалдаушылар субстраты болып табылатын дәрілік препараттар

In vitro зерттеулері рибоциклибтің Р-гликопротеин, BCRP, OATP1B1/1B3, OCT1, OCT2, MATE1 және BSEP дәрілік тасымалдаушылар белсенділігін тежеу әлеуетіне ие. Препаратты дигоксинді, питавастатинді, правастатинді, розувастатинді және метформинді қоса алғанда, емдік индексі тар осы тасымалдаушылардың сезімтал субстраттарымен бір мезгілде қолданған кезде сақ болу және уыттылық белгілеріне мониторинг жүргізу ұсынылады.

Дәрілік препараттың тамақпен өзара әрекеттесуі

Кискалиді тамақтану кезінде немесе одан тыс уақытта қабылдауға болады (4.2 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Асқазан ортасының рН көтеретін дәрілік препараттар

Рибоциклиб РН 4,5 немесе одан төмен және биологиялық талапқа сай ортада (рН 5,0 және 6,5 кезінде) жоғары ерігіштігімен сипатталады. Кискалиді асқазанның рН жоғарылататын дәрілік препараттармен бір мезгілде қолдану клиникалық зерттеуде бағаланбады; алайда популяциялық фармакокинетиканы талдау кезінде де, компарменттік емес фармакокинетикалық талдауларда да рибоциклиб абсорбциясының бұзылуы байқалмады.

Рибоциклиб пен летрозолдың дәрілік өзара әрекеттесуі

Сүт безінің обыры бар пациенттерде клиникалық зерттеу және популяциялық фармакокинетикалық талдау барысында рибоциклиб пен летрозол арасында оларды бір мезгілде қолданған кезде дәрілік өзара әрекеттесу анықталған жоқ.

Рибоциклиб пен анастрозол арасындағы дәрілік өзара әрекеттесуі

Сүт безінің обырына шалдыққан пациенттерді клиникалық зерттеу деректері рибоциклиб пен анастрозол арасында оларды бір мезгілде қолданғанда клиникалық маңызды дәрілік өзара әрекеттесудің жоқтығын көрсетті.

Рибоциклиб пен фулвестрант арасындағы дәрілік өзара әрекеттесуі

Сүт безінің обырына пациенттерді клиникалық зерттеу деректері фулвестранттың рибоциклиб әсеріне оларды бір мезгілде қолданғанда клиникалық маңызды әсерінің жоқтығын көрсетті.

Рибоциклиб пен тамоксифен арасындағы дәрілік өзара әрекеттесуі

Сүт безінің обырына шалдыққан пациенттерді клиникалық зерттеу деректері рибоциклибті тамоксифенмен бір мезгілде қолданғанда тамоксифеннің әсері шамамен 2 есе артқанын көрсетті.

Рибоциклиб пен оральді контрацептивтер арасындағы дәрілік өзара әрекеттесу
Рибоциклиб пен оральді контрацептивтер арасындағы дәрілік өзара әрекеттесуді зерттеу жүргізілмеген (4.6-бөлімді қараңыз).

Болжамды өзара әрекеттесу

Аритмияға қарсы препараттар және QT аралығын ұзартуға қабілетті басқа да дәрілік заттар.

Аритмияға қарсы дәрілер сияқты QT аралығының ұзару қабілеті белгілі дәрілік препараттармен (төменде көрсетілгендерді шектеусіз қоса алғанда, амиодарон, дизопирамид, прокаинамид, хинидин және соталол) және QT аралығының ұзару қабілеті белгілі басқа дәрілік препараттармен (хлорохин, галофантрин, кларитромицин, ципрофлоксацин, левофлоксацин, азитромицин, галоперидол, метадон, моксифлоксацин, бепридил, пимозид және ондансетрон в/в шектеусіз қоса алғанда) (4.4-бөлімді қараңыз) бір мезгілде қолданудан аулақ болу керек. Кискали препаратын тамоксифенмен біріктіріп қолдану да ұсынылмайды (4.1, 4.4 және 5.1-бөлімдерді қараңыз).

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Бала туу әлеуеті сақталған әйелдер / әйелдерге арналған контрацепция

Кискали препаратымен емдеуді бастамас бұрын пациенттер жүкті емес екеніне көз жеткізуі керек.

Кискали қабылдайтын бала туу әлеуеті сақталған әйелдер Кискали препаратымен емдеуді тоқтатқаннан кейін кемінде 21 күн ішінде және одан кейін контрацепцияның тиімді әдістерін (мысалы, қосарлы бөгеттік контрацепция дәрілерін) пайдалануы тиіс.

Жүктілік

Жүкті әйелдер арасында талапқа сай және қатаң бақыланатын зерттеулер жоқ. Жануарларға жүргізілген зерттеулер деректеріне сүйене отырып, Кискали препараты жүкті әйелдерде қолданған кезде шаранаға зақым келтіруі мүмкін (5.3-бөлімді қараңыз). Кискали препаратын жүктілік кезінде және контрацепцияны пайдаланбайтын бала туу әлеуеті сақталған әйелдерге қолдану ұсынылмайды.

Бала емізу

Рибоциклибтің ана сүтінде бар-жоғы анықталған жоқ. Рибоциклибтің емшек сүтімен қоректенетін нәрестеге немесе сүт өндіру процесіне әсері туралы деректер жоқ. Рибоциклиб және оның метаболиттері сүт бөлетін егеуқұйрықтардың сүтіне оңай енген. Кискали препаратын қабылдайтын пациенттер соңғы дозаны қабылдағаннан кейін кем дегенде 21 күн емізбеуі керек.

Фертильділік

Рибоциклибтің репродуктивті функцияға әсері туралы клиникалық деректер жоқ. Жануарларға жүргізілген зерттеулер деректері негізінде рибоциклиб төлдеуге қабілетті еркек егеуқұйрықтарда репродуктивті функцияның бұзылуына әкелуі мүмкін (5.3-бөлімді қараңыз).

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпалы

Кискали көлік құралдары мен механизмдерді басқару қабілетіне болмашы әсер етеді. Егер Кискали препаратын қолданумен емдеу кезінде олар қатты қажуды, бас айналуы немесе вертигоны сезінсе, пациенттерді көлік құралдары мен механизмдерді басқару кезінде сақ болу қажеттігі туралы ескерту керек (4.8-бөлімді қараңыз).

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейініне шолу

Біріктірілген деректер жиынында ең жиі ЖДР (жиілігі ≥ 20 хабарланған), онда Кискали қабылдау тобындағы және препараттардың кез келген біріктіріліміндегі ЖДР даму

жиілігі плацебо қабылдау тобындағы ЖК даму жиілігінен және препараттардың кез келген комбинациясынан асып түседі, нейтропения, инфекциялар, жүрек айнуы, шаршағыштық, диарея, лейкопения, құсу, бас ауыруы, іш қату, алопеция, жөтел, бөртпе, арқадағы ауыру, анемия, ФПТ қалыпты емес нәтижелері.

Ең жиі кездесетін ЖДР және ең көп таралған ауырлық дәрежесі 3/4-ші ЖДР (бұл туралы $\geq 2\%$ жиілікпен хабарланған) біріктірілген деректер жиынтығында, онда Кискали қабылдау тобындағы және препараттардың кез келген біріктіріліміндегі ЖДР даму жиілігі плацебо қабылдау тобындағы ЖК даму жиілігінен және препараттардың кез келген біріктірілімінен асып түседі, нейтропения, лейкопения, бауыр функциясының бұзылуы болды, лимфопения, инфекциялар, арқадағы ауыру, анемия, шаршау, гипофосфатемия және құсу.

Жағымсыз құбылыстарға (ЖК) байланысты дозаның азаюы, себебіне қарамастан, препараттардың біріктіріліміне қарамастан III фазаның клиникалық зерттеулер шеңберінде Кискали қабылдаған пациенттердің 39,5%-ында орын алды. Емдеуді түпкілікті тоқтату туралы III фазаның клиникалық зерттеулері шеңберінде Кискали препараттардың кез келген біріктірілімін қабылдаған пациенттердің 8,7% - ында хабарланды.

Жағымсыз реакциялар тізімі

Жалпы алғанда, Кискали препаратының қауіпсіздігін бағалау эндокринді еммен біріктірілімде Кискалиді қабылдаған 1065 пациенттің біріктірілген деректер жиынтығына негізделген (ароматаза тежегішімен біріктірілімде N = 582 және фулвестрантпен біріктірілімде N = 483), пациенттерді рандомизацияланған, салыстырмалы жасырын, плацебо-бақыланатын клиникалық зерттеулерге HR бойынша оң, HER2 бойынша теріс кең таралған немесе метастаздық сүт безі обырының III фазасы (MONALEESA-2, MONALEESA-7, NSAI, және MONALEESA-3 қабылдау тобы) енгізілді. Тіркеуден кейінгі кезеңде қосымша ЖДР анықталды.

III фазаның бірлескен зерттеулері шеңберінде Кискали препаратымен емдеу кезінде әсер етудің медианалық ұзақтығы 19,2 айды құрады, бұл ретте пациенттердің 61,7%-ы ≥ 12 ай препарат алды.

III фазаның клиникалық зерттеулері барысында белгілі болған жағымсыз дәрілік реакциялар (6-кесте) MedDRA реттеуші қызметінің медициналық сөздік ағзалар жүйесінің кластарына сәйкес санамаланған. Әрбір жүйелік-ағзалық класс шегінде жағымсыз дәрілік реакциялар жиілік бойынша бөлінген, бірінші кезекте анағұрлым жиі реакциялар ұсынылған. Әрбір топтамада жиілігі бойынша жағымсыз реакциялар олардың ауырлық дәрежесінің кему тәртібімен ұсынылған. Бұдан басқа, жағымсыз реакциялар мынадай белгілерді (CIOMS III) пайдалана отырып, жиілік бойынша жіктелген: өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ -ға дейін); жиі емес ($\geq 1/1000$ -нан $< 1/100$ -ге дейін); сирек ($\geq 1/10\ 000$ -нан $< 1/1000$ -ға дейін); өте сирек ($< 1/10\ 000$); белгісіз (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес).

7-кесте. III фазаның үш клиникалық зерттеулері барысында байқалған жағымсыз дәрілік реакциялар

Жағымсыз реакция	Пайда болу жиілігі
Инфекциялар мен инвазиялар	
Инфекция ¹	Өте жиі
Қан түзу және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	
Нейтропения, лейкопения, анемия, лимфопения	Өте жиі
Тромбоцитопения, фебрильді нейтропения	Жиі
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	
Тәбеттің төмендеуі	Өте жиі
Гипокальциемия, гипокалиемия, гипофосфатемия	Жиі
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	

Бас ауыруы, бас айналу	Өте жиі
Вертиго	Жиі
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	
Көз жасының көп бөлінуі, көздің құрғауы	Жиі
Жүрек тарапынан бұзылулар	
Естен тану	Жиі
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы ағзалары және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар	
Өкпенің интерстициальді ауруы/пневмониттер	Жиі
Ентігу, жөтел	Өте жиі
Асқазан-ішек бұзылыстары	
Жүрек айнуы, диарея, құсу, іш қату, іштің ауыруы ² , стоматит, диспепсия	Өте жиі
Дисгевзия	Жиі
Бауыр және өт жолдары тарапынан бұзылулар	
Гепатоуыттылық ³	Жиі
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	
Алопеция, бөртпе ⁴ , қышыну	Өте жиі
Терінің құрғауы, эритема, витилиго	Жиі
Уытты эпидермалық некролиз (УЭН)*	Белгісіз
Сүйек-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	
Арқаның ауыруы	Өте жиі
Енгізілген жердегі жалпы бұзылулар мен реакциялар	
Әлсіздік, шеткері ісіну, астения, дене температурасының жоғарылауы	Өте жиі
Ауыз-жұтқыншақтың ауыруы, ауыздың құрғауы	Жиі
Диагностикалық зерттеулер	
Бауырдың функционалдық сынамаларының ауытқулары ⁵	Өте жиі
Қандағы креатинин мөлшерінің жоғарылауы, ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы	Жиі
¹ Инфекциялар: несеп шығару жолдарының инфекциялары, тыныс алу жолдарының инфекциялары, гастроэнтерит, сепсис (<1 %). ² Іштің ауыруы: іштің ауыруы, іштің жоғарғы бөлігінің ауыруы. ³ Гепатоуыттылық: цитоллиз және бауыр жасушаларының зақымдануы, дәрілік препараттармен туындаған бауырдың зақымдануы (<1%), гепатоуыттылық, бауыр жеткіліксіздігі, аутоиммунды гепатит (жалғыз жағдай). ⁴ Бөртпе: бөртпе, макулопапулезді бөртпе, қыштитын бөртпе. ⁵ Бауырдың функционалды сынамаларының ауытқулары: АЛТ жоғарылауы, АСТ жоғарылауы, қандағы билирубиннің жоғарылауы. * Қолайсыз реакциялар постмаркетингтік тәжірибе кезінде хабарлады.	

Жекелеген жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Нейтропения

Нейтропения анағұрлым жиі тіркелетін жағымсыз дәрілік реакция болды (75,4%). III фазаны зерттеу барысында Кискали плюс препараттардың кез келген біріктірілімін алған пациенттердің 62,0%-ында ауырлық дәрежесінің 3-ші немесе 4-ші дәрежесіндегі нейтрофилдер санының азаюы (зертханалық зерттеулер деректерінің негізінде) байқалды.

2-ші, 3-ші және 4-ші дәрежелі нейтропениямен ауыратын пациенттерде аурудың басталуына дейінгі орташа уақыт 17 күнді құрады. ≥3-ші ауырлық дәрежесіндегі жағымсыз реакциялар жойылғанға дейінгі медиана уақыты (қалыпқа келтірілгенше немесе ауырлық дәрежесі <3-ші дәрежеге жеткенге дейін) Кискали қабылдау топтарында 12 күн плюс дозаны уақытша тоқтатқаннан және/немесе азайғаннан

және/немесе препаратты қабылдауды тоқтатқаннан кейін препараттардың кез келген біріктірілімін құрады. Фебрильді нейтропения ІІІ фазаны зерттеу барысында Кискали алған пациенттердің шамамен 1,4% - ында тіркелді. Қызба пайда болған жағдайда пациенттер бұл туралы дереу хабарлауы керек.

Нейтропенияның ауырлығына байланысты оны түзету зертханалық көрсеткіштерді бақылау, препаратты қабылдауды уақытша тоқтату және/немесе дозаны өзгерту арқылы жүргізілді. Нейтропенияға байланысты препаратты қабылдауды мерзімінен бұрын тоқтату жиілігі төмен болды (0,8 %) (4.2 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

Гепатобилиарлы уыттылық

ІІІ фазаның клиникалық зерттеулерінде гепатобилиарлы уыттылықтың көріністері плацебо қабылдау тобындағы пациенттермен салыстырғанда Кискали қабылдау топтарындағы пациенттерде плюс препараттардың кез келген біріктірілімдері және препараттардың кез келген біріктірілімдері (27,3 және тиісінше 19,6%) жиі пайда болды. Бұл ретте 3/4-ші дәрежедегі жағымсыз құбылыстар Кискали плюс препаратымен ем қабылдаған пациенттерде жиі тіркелді (тиісінше 13,2 және 6,1%). Трансаминазалар деңгейінің жоғарылауы туралы хабарланды. 3-ші немесе 4-ші дәрежелі АЛТ (11,2 және 1,7 %) және АСТ (6,7 және 2,1 %) жоғарылауы сәйкесінше Кискали және плацебо қабылдау топтарында тіркелді. 6 пациентте (A2301 [MONALEESA-2] зерттеуіндегі 4 пациент, АЛТ немесе АСТ деңгейі 154 күн ішінде қалыпқа келген және F2301 зерттеуіндегі 2 пациент [MONALEESA-3], АЛТ немесе АСТ деңгейі тиісінше Кискали препаратын тоқтатқаннан кейін 121 және 532 күн ішінде қалыпқа келген) сілтілік фосфатазаның қалыпты деңгейінде және холестаза болмаған кезде АЛТ немесе АСТ бір мезгілде қалыптың жоғарғы шегінен үш есе жоғары және билирубиннің жалпы деңгейі қалыптың жоғарғы шегінен екі есе жоғары жоғарылауы байқалды. E2301 (MONALEESA-7) зерттеуінде мұндай жағдайлар тіркелген жоқ.

Препаратты қабылдауды уақытша тоқтату және/немесе гепатобилиарлы уыттылық құбылыстарына байланысты дозаны түзету негізінен АЛТ (7,9%) және/немесе АСТ (7,3%) артуына байланысты Кискалиді плюс препараттардың кез келген біріктірілімін алған пациенттердің 10,4% - ында тіркелді. Кискали препаратымен плюс бауырдың функционалды сынамаларының ауытқуларына немесе гепатоуыттылығына байланысты препараттардың кез келген біріктірілімімен емдеуді мерзімінен бұрын тоқтату тиісінше 2,4 және 0,3% жағдайда байқалды (4.2 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

ІІІ фазаның клиникалық зерттеулері барысында пациенттердің 70,9%-ында (90/127) емдеудің алғашқы 6 айы ішінде 3-ші немесе 4-ші ауырлық дәрежесіндегі АЛТ және АСТ жоғарылауы байқалды. 3-ші немесе 4-ші ауырлық дәрежесіндегі АЛТ/АСТ жоғарылауы бар пациенттерде Кискали қабылдау топтарында аурудың басталуына дейінгі медиана уақыты плюс препараттардың кез келген біріктірілімі 92 күнді құрады. Жағымсыз реакциялар жойылғанға дейінгі медианалық уақыт (қалыпқа келтірілгенге дейін немесе ауырлық дәрежесі <2-ші болғанға дейін) Кискали қабылдау топтарында 21 күн плюс препараттардың кез келген біріктірілімін құрады.

QT аралығының ұзаруы

E2301 (MONALEESA-7) зерттеуінде QTcF аралығының бастапқы деңгейден байқалған орташа ұлғаюы NSAІ плюс плацебо қабылдау қосалқы тобымен салыстырғанда тамоксифен плюс плацебо қабылдау қосалқы тобында шамамен 10 мс артық болды. Бұл тамоксифеннің өзі QTcF-ке ұзаққа созылатын әсер етті деп болжауға негіз береді, бұл Кискали плюс тамоксифен қабылдау тобында байқалған QTcF мәндерін алуға себеп болуы мүмкін. Плацебо тобында QTcF аралығының бастапқы деңгейден >60 мс ұлғаюы тамоксифен қабылдаған пациенттердің 6/90-ында (6,7 %) байқалды, ал NSAІ қабылдаған пациенттерде бұл байқалмады (5.2-бөлімді қараңыз). QTcF аралығының бастапқы деңгейден >60 мс ұлғаюы Кискали плюс тамоксифен қабылдаған 14/87 (16,1 %) пациенттерде және Кискали плюс NSAІ қабылдаған 18/245 (7,3 %) пациенттерде байқалды. Кискали препаратын тамоксифенмен біріктіріп қолдану ұсынылмайды (5.1-

бөлімді қараңыз).

III фазаның клиникалық зерттеулерінде Кискали плюс ароматаза тежегіші немесе фулвестрант қабылдау топтарындағы пациенттердің 9,3% - ында және плацебо плюс ароматаза тежегіші немесе фулвестрант қабылдау топтарындағы пациенттердің 3,5% - ында QT аралығын ұзартудың кемінде бір жағдайы (оның ішінде ЭКГ және синкопе QT ұзартылған аралығы) байқалды. ЭКГ деректеріне шолу 15 пациентте (1,4 %) QTcF мәні бастапқы деңгейден >500 мс, ал 61 пациентте (5,8 %) QTcF аралығының жоғарылауы бастапқы деңгейден >60 мс құрағанын көрсетті. Екі бағытты тахикардияның дамуы туралы хабарланған жоқ. ЭКГ және синкопеді (естен тану) QT аралығының ұзаруы салдарынан дозаны уақытша тоқтату/түзету Кискали плюс ароматаза тежегіші немесе фулвестрант препаратымен ем қабылдаған пациенттердің 2,9% - ында тіркелді.

ЭКГ деректерін талдау көрсеткендей, 55 пациентте (5,2 %) және 11 пациентте (1,5 %) бастапқы деңгейден QTcF >480 мс кем дегенде бір жағдай Кискали плюс ароматаза тежегіші немесе фулвестрант қабылдау топтарында және плацебо плюс ароматаза тежегіші немесе фулвестрант қабылдау топтарында байқалды. QTcF >480 мс аралығының ұзаруы бар пациенттер арасында оның ұлғаюына дейінгі медиана уақыты препараттардың біріктірілімдеріне қарамастан 15 күнді құрады. Бұл өзгерістер дозаны уақытша тоқтату және/немесе азайту кезінде қайтымды болды (4.2, 4.4 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

Үш тірек зерттеу аясында рибоциклибен ем алған бүйрек функциясының жеңіл бұзылуы бар 341 пациент және орташа бұзылуы бар 97 пациент емделді. Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттер осы зерттеулерге енгізілмеген (5.1-бөлімді қараңыз). Бастапқы деңгейде бүйрек функциясының бұзылу дәрежесі мен емдеу кезінде қандағы креатинин деңгейінің мәні арасындағы корреляция анықталды. Бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы бар пациенттерде QT аралығының ұзару жиілігінің және тромбоцитопенияның шамалы ұлғаюы байқалды. Уыттылықтың осы түрлері кезінде дозаны мониторингілеу және түзету жөніндегі ұсынымдарды 4.2-бөлімдерден қараңыз. және 4.4.

Күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

ДП "пайда-қауіп" арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркелгеннен кейін күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне ҚР жағымсыз реакциялары туралы ұлттық хабарлау жүйесі арқылы ДП-ның кез келген күдікті жағымсыз реакциялары туралы хабарлау ұсынылады. "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК <http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалануы

Кискали препаратының артық дозалануының тіркелген жағдайларымен жұмыс тәжірибесі шектеулі. Артық дозаланған жағдайда жүрек айну және құсу сияқты симптомдар пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, гематологиялық уыттылық (мысалы, нейтропения, тромбоцитопения) және QTc аралығының ұзаруы мүмкін. Артық дозаланудың барлық жағдайларында қажет болған жағдайда жалпы симптоматикалық және демеуші ем жүргізген жөн.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Антинеопластикалық препараттар. Басқа антинеопластикалық препараттар. Протеинкиназа тежегіштері. Рибоциклиб.

АТХ коды L01XE42

Әсер ету механизмі

Рибоциклиб - биохимиялық талдаулардың деректері бойынша 0,01 (4,3 нг/мл) және

тиісінше 0,039 мкМ (16,9 г/мл) концентрация мәндері кезінде оларды 50% тежеуді (IC₅₀) қамтамасыз ететін циклинге тәуелді киназалардың (CDK) 4 және 6 селективті тежегіші. Бұл киназалар D-циклдермен байланыстыру жағдайында белсенді болады және жасуша циклінің дамуына және жасуша пролиферациясына әкелетін сигнал беру жолдарында үлкен рөл атқарады. D-CDK4/6 циклин кешені ретинобластома ақуызының (pRb) фосфорлануына байланысты жасушалық циклдің дамуын реттейді.

Фармакодинамикалық әсерлері

In vitro рибоциклиб pRb фосфорлануын азайтты, бұл G1 фазасында жасуша циклінің тоқтап қалуына және сүт безі обырының жасушалық желілерінде жасуша пролиферациясының төмендеуіне әкелді. *In vivo* рибоциклибпен монотерапия жақсы төзімді дозаларда ісіктің регрессиясын тудырды, бұл PRB фосфорлануының тежелуімен байланысты болды.

Пациенттен ксенотрансплантатпен алынған сүт безі обырының эстроген рецепторы бойынша оң үлгілерді пайдалана отырып *in vivo* зерттеулерінде рибоциклиб пен антиэстрогендердің (мысалы, летрозол) біріктірілімі ісіктің тұрақты регрессиясымен ісіктің өсуінің елеулі тежелуіне және әрбір препаратпен салыстырғанда жеке қабылдауды тоқтатқаннан кейін ісіктің қайта өсуінің кідіруіне әкелді. Сонымен қатар, рибоциклиб үшін фулвестрантпен біріктірілген ісікке қарсы *in vivo* белсенділігі иммун тапшылығы бар тышқандарда және ZR751 ER+ сүт безі обырының ксенотрансплантаттарымен бағаланды және фулвестрантпен біріктіру ісік өсуінің толық тежелуіне әкелді.

Белгілі ER статусы бар сүт безі обырының жасушалық желілерінің мысалында рибоциклиб ER–ге қарағанда ER+ сүт безі обыры кезінде үлкен тиімділік көрсетті. Осы уақытқа дейін сыналған клиникаға дейінгі модельдерде рибоциклиб әсерін көрсету үшін өзгермейтін pRb қажет болды.

Жүректің электрофизиологиялық зерттеуі

Рибоциклибтің QTc аралығына әсерін бағалау үшін таралған қатерлі ісігі бар пациенттерде тепе-теңдік күйіне жеткен кезде бір реттік дозадан кейін жүргізілген сериялық үштік ЭКГ таңдалды. А фармакокинетика мен фармакодинамиканың өзара байланысын талдау 50-ден 1200 мг-ға дейінгі дозалар ауқымында рибоциклибпен ем қабылдаған 997 пациентте жүргізілді. Бұл талдау рибоциклиб концентрацияға тәуелді QTc аралығының ұлғаюына себеп болды деп болжайды. NSAI немесе фулвестрантпен біріктірілімде 600 мг Кискали үшін бастапқы деңгейден QTcF есептелген орташа өзгерісі 22,0 мс (90% СА: 20,56; 23,44) және тамоксифенмен біріктірілімдегі 34,7 мс (90% СА: 31,64; 37,78) салыстырғанда, C_{max} орташа геометриялық мәні тепе-тең жағдайда тиісінше 23,7 мс (90% СА: 22,31; 25,08) құрады (4.4-бөлімді қараңыз).

Клиникалық тиімділік және қауіпсіздік

CLEE011A2301 (MONALEESA-2) зерттеу

Кискали препаратын бағалау постменопаузадан кейінгі әйелдерді HR-оң, HER2-теріс кең таралған сүт безі обырымен емдеу кезінде рандомизацияланған, салыстырмалы жасырын, плацебо-бақыланатын, III фазаның көп орталықты клиникалық зерттеуінде жүргізілді, олар монотерапия ретінде летрозолмен салыстырғанда летрозолмен біріктірілген кең таралған ауру бойынша алдыңғы ем алған жоқ.

Жалпы алғанда, 668 пациент 600 мг летрозол және (N = 334) немесе плацебо және летрозол (N = 334 кезінде) дозасында Кискали препаратын алу үшін 1:1 қатынасында бауыр және/немесе өкпеге метастаздардың болуына сәйкес стратификацияланған [иә (n= 292 (44 %)) және жоқ [n = 376 (56 %)]). Аурудың демографиялық және бастапқы сипаттамалары зерттеу топтары арасында теңдестірілген және салыстырылды. Кискали 28 күн бойы тәулігіне бір рет 2,5 мг дозада летрозолмен біріктірген кезде келесі 7 күн ішінде емдеуді тоқтатумен 21 жүйелі күн ішінде тәулігіне 600 мг дозада ішке қабылдау үшін тағайындалды. Пациенттерге зерттеу барысында немесе аурудың өршуінен кейін плацебо тобынан Кискали тобына өтуге рұқсат етілмеді.

Осы зерттеуге енгізілген пациенттердің жас медианасы 62 жасты құрады (23-тен 91 жасқа дейін). Пациенттің 44,2% - ы 65 жастан асқан, оның ішінде 75 жастан асқан 69 пациент. Зерттеуге енгізілген пациенттер еуропеидті нәсілге (82,2 %), негроидты нәсілге (2,5 %) және азиялық (7,6%) қатысты болды. Барлық пациенттердің ECOG шкаласы бойынша функционалдық статусы 0 немесе 1-ге тең болды. Кискалиді қабылдау тобында пациенттердің 46,6% - ы неоадьювантты немесе адьювантты химиотерапиядан өтті, ал пациенттердің 52,4% - ы зерттеуге енгізілгенге дейін неоадьювантты немесе адьювантты ем ретінде антигормональді ем алды. Пациенттердің 34,1% - ында de novo метастаздық обыр бар. Пациенттердің 22,0% — ында тек сүйекте метастаздар, ал пациенттердің 58,8% - ында ішкі ағзаларда метастаздар болды. Бұрын анастрозолмен немесе летрозолмен нео-/адьювантты ем қабылдаған пациенттер емдеуді рандомизациядан кемінде 12 ай бұрын аяқтауы тиіс.

Бастапқы талдау

Зерттеудің бастапқы критерийін зерттеушінің тұтас популяцияны (барлық рандомизацияланған пациенттер) бағалау деректері бойынша тығыз ісіктер (RECIST v1.1) кезінде жауапты бағалау критерийлерін пайдалана отырып, үдеусіз өміршеңдіктің (ҮӨ) 80% нысаналы құбылыстары туындағаннан кейін жүргізілген жоспарланған аралық талдау барысында алды, ол салыстырмалы жасырын тәуелсіз орталық рентгенологиялық бағалау барысында расталды.

Тиімділікті бағалау нәтижелері клиникалық маңызды емдік әсері болған кезде толық іріктемені (қауіптер қатынасы = 0,556 95% CI кезінде: 0,429, 0,720, бір жақты стратификацияланған логрангтік критерий, $p = 0,00000329$ мәні) талдау кезінде плацебо плюс летрозол алған пациенттермен салыстырғанда Кискали плюс летрозол алған пациенттерде ҮӨ көрсеткішінің статистикалық маңызды жақсаруын көрсетті.

Кискали мен летрозолды қабылдау тобында және плацебо мен летрозолды қабылдау тобында денсаулықтың жалпы жағдайы/өмір сапасы бойынша деректер арасында елеулі айырмашылық анықталған жоқ.

8 және 9-кестелерде тиімділік бойынша деректердің ең соңғы жаңартылуы ұсынылған (деректерді есепке алудың соңғы күні 2017 жылғы 2 қаңтар).

